Хан Узбек твердо держал власть в руках и решительно пресекал любые сепаратистские выступления на окраинах. Как только в левом крыле улуса умер правитель Ерзен, сын Сасы Буки, Узбек, предварительно сместив других потенциальных наследников, передал власть в левом крыле своему наместнику эмиру Исатаю (Иса), из клана *кыйат*. Любые попытки левокрыльных огланов стать независимыми властителями пресекались самым жестким способом.

Золотая Орда при нем продолжала вести достаточно активную международную политику по всем направлениям. Традиционным агрессивным вектором внешней политики Узбека оставался Иран, так как золотоордынцы не отказались от давних притязаний на закавказские территории Хулагуидов. По его приказу джучидские войска совершили ряд вторжений в Ширван и в Арран, но ожидаемого успеха добиться не смогли. Узбек установил дипломатические отношения с Византией, Индией, странами Западной Европы, возобновил союзные связи с мамлюкским Египтом. Хан заключил династический брак с византийским царствующим домом, женившись на дочери императора, а также пытался породниться с египетским султаном ан-Насир Мухаммадом, за которого была выдана племянница Узбека, царица Тулунбай. Узбек скончался в 1341 г. и власть на короткий срок перешла к его старшему сыну Тыныбеку, но в результате заговора он погиб.

Джанибек-хан – третий сын Узбека, правил пятнадцать лет (1342-1357 гг.). Придя к власти, как и отец, насильственным путем, он хладнокровно лишил жизни своих братьев – Хызрбека и Тыныбека. Беря пример с предшественников, хан, проводил твердую политику усиления центральной власти и контролировал дела вассальных княжеств, строго продолжал политику исламизации в Золотой Орде. Вместе с тем, Джанибек известен в русской летописи как «добрый» хан. Видимо, это связано с тем, что при нем прекратились грабительские вторжения на русские земли. Джанибек также провел собственную денежную реформу, которая свелась к замене прежних серебряных денег, выпуском в оборот большого количества медных монет, но, несмотря на это нововведение, оно было отменено позже при его преемниках.

Внешняя политика Золотой Орды при нем существенно не изменилась. Была продолжена традиция дипломатических контактов с мамлюками Египта. В причерноморских торговых городах, в частности, в городе Тана Джанибек изгнал венецианских купцов на пять лет, за то, что они вели себя оскорбительно по отношению к подданным хана. В 1344 г. золотоордынские войска осадили г. Кафу, где находилась торговая фактория генуэзцев, но не смогли ее захватить. Через год, потерпев неудачу при штурме, командующий войском беклербек Могул-Буга, приказал перекинуть за крепостные стены труп человека, который умер от чумы. Вспыхнувшая эпидемия среди горожан, распространилась вместе с заражёнными, переехавшими в Европу и привела к массовой гибели большого количества населения в европейских странах. В 1356 г. Джанибек выступил в поход на Иран, захватил в плен атабека Азербайджана Малик Ашрафа и завоевал город Тебриз. В это время хан тяжело заболел и вернулся из иранского похода. Вызванный в столицу митрополит Алексей не смог вылечить болезнь. Старший сын хана – Бердибек, получив известие о болезни Джанибека, стремительно вернулся в Сарай и убил отца, а затем остальных 12 братьев, при этом даже не пощадив малых детей. Но провозгласив себя ханом, правил всего два года (1357-1359 гг.).

Золотая Орда являлась государством, в котором сочетались кочевой и оседлый социально-экономический уклад, синтетическая культура и образ жизни, имевшая оригинальную политическую систему власти. Государственная организация Золотой Орды представляла собой сложную и многоуровневую схему, в которой действовали как центральные учреждения, так и местные региональные администрации, налоговые органы, разветвленный фискальный и значительный чиновничий аппарат. Политическая и социальная структура в Золотой Орде имела свою специфику, заключавшуюся в том, что здесь, несмотря на существование системы гражданского управления, все же превалировали группы, связанные с несением государственной службы и отбыванием воинской повинности. Высший военно-управленческий слой в Золотой Орде состоял из Чингисидов, которые принадлежали по праву происхождения и родства к политической элите: улусные владетели, огланы, темники, распределенные по двум крыльям. Военно-аристократическая знать этого уровня обладала необходимыми властными полномочиями в своих уделах. В золотоордынской системе управления, в результате реформ Узбека главным после хана считался беклербек. Возвышение беклербеков в Золотой Орде привело к тому, что они, сосредоточив огромную власть в своих руках, стали не только вмешиваться, но и прямо влиять на порядок престолонаследия среди Джучидов. Ниже него рангом стоял визирь – руководитель дивана. Остальные должности занимали особо знатные или чем-либо отличившиеся эмиры. Улусы делилось на более мелкие владения, также называвшиеся улусами, в которые входили различные административно-территориальные единицы, возглавляемые тысячниками, сотниками, десятниками, исполнявшие военные и гражданские функции. В подвластных землях администраторами назначались «даруги» и «баскаки», которые занимались взиманием податей, дани, сборов с местного покоренного населения, осуществляли контроль на вверенной им территории.

Общественные отношения регламентировались на основе «Великой Ясы», окончательно принятой в конце жизни Чингисхана, и представлявшей собой свод законов, решений и постановлений. Помимо Ясы, в Золотой Орде действовало обычное право (*торе, адат*), регулировавшие семейные, наследственные связи, а также другие правовые нормы – ханские ярлыки, мусульманский шариат.

Джучидская династия контролировала важные северные участки «Шелкового пути» и центральную часть евразийского пространства. Золотоордынская военно-политическая сила была серьезным геополитическим фактором для ближних и дальних соседей, и длительное время играла ключевую роль в межгосударственных отношениях. Золотая Орда, по своей внутренней природе относилась к имперскому типу кочевых государств и сохраняла политические и правовые традиции предшествующего ей «*Yeke Mongyol Ulus*» (Держава Чингиз-хана).

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. *Monᠦol-un niᠦᠢᠴa tobᠴiyan*. Юань чао би ши. Т. I. Введение в изучение памятника. Перевод, тексты, глоссарии / Труды Института востоковедения. Т. XXXIV. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1941. 620 с.
2. Золотая Орда в источниках. Кит. и монг. источники (Собрание сведений, относящихся к истории Золотой Орды (улусу Джучи) из китайских и монгольских источников). Т. III. Пер с кит., состав., ввод. статья и коммен. Р.П. Храпачевского. М.: Наука, 2009. 336 с.

3. Genghis Khan: The History of the World Conqueror. Ata-Malik Juvaini, 'Alā' al-Dīn 'Atā Malik Juvaynī, Mizra Muhammad Qazvini by J.A. Boyle with a new introduction and bibliography by David O. Morgan. Manchester University Press, 1997. 763 p.

4. Полное собрание русских летописей. Т.1. Лаврентьевская летопись. Вып. 2. Суздальская летопись по Лаврентьевскому списку. Изд. 2-е. Ленинград: Изд-во АН СССР, 1927. С. 298-488.

5. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из сочинений арабских. СПб.: Издано на иждивение гр. С.Г. Строганова, 1884. IV, XVI, 564 с.

6. Селезнев Ю.В. Элита Золотой Орды. Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2009. 232 с.

THE ULUS OF JOCHI (GOLDEN HORDE) IN THE IMPERIAL MEASUREMENT

A. K. Kushkumbayev

L. N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract. The article is a brief historical overview of the Empire of the descendants of Jochi, from the first quarter of the XIII century to the first half of the XIV century. The ulus of Jochi has passed the historical path from a separate possession of the eldest son of Genghis Khan to a huge Empire in the Eurasian region. The Golden Horde preserved the ancient Imperial traditions of the former nomadic powers.

Keywords. Ulus, Jochi, Genghis Khan, Golden Horde, Mongols, Turks, Empire, military actions

Сведения об авторе:

А.К. Кушкумбаев, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева факультет международных отношений профессор кафедры Регионоведения aibolat7@mail.ru, Нур-Султан, Казахстан

«МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» КІТАБЫНДАҒЫ ANTI ЖОШЫЛЫҚ САРЫНДАР

А.А. Порсин

Ресей, Магнитогорск қаласы.

Аннотация: мақалада «Моңғолдың құпия шежіресінде» Жошы мен ұлы әрі мұрагері Бату туралы баяндалатын екі оқиға желісі қарастырылды. Біріншіден, Моңғол-Хорзем соғысы алдындағы отбасылық кеңесте Жошы мен Шағатай арасында орын алған келіспеушілік, осы оқиғадан соң Шыңғыс ханның мұрагері болып Үгедей жарияланды. Екіншіден, Русьті, қыпшақтарды және Кавказдағы Аландардың астанасы Мағасты жаулап алғаннан кейінгі ұлан-асыр тойда Бату мен Күйік, Бүри және Харкасун араларында орын алған дау-дамайдан соң Күйіктің Үгедейге жіберіліп, әкесінен қорлайтын сөгіс алу оқиғасы баяндалады. Мақала авторы аталмыш екі оқиға автор немесе редактор тарапынан белгілі бір саяси себептерімен құрастырылған деген ойда. Ол моңғол элитасы арасында расыменде болған және белгілі дауды алып оны керекті әлеуметтік, саяси және хронологиялық контексте орналастырып, осы арқылы Төлеліктерден өзге Шыңғысхан ұрпақтары империяны дұрыс басқаруға қабілетсіз екендіктерін көрсеткен.

Кілтті сөздер: Моңғолдың құпия шежіресі, Жошы, Бату, Шағатай, Бүри, Күйік, дау.

Кіріспе. «Моңғолдың құпия шежіресін»¹ зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі оның нақты қашан жазылғандығының анық еместігі. Сондай-ақ, барлық мәтін бір уақытта жазылды ма әлде біртұтас мәтіннің қалыптасуы онжылдықтарға созылған бірнеше кезеңдерден тұрды ма деген мәселелердің басы күні бүгінге дейін ашық. Еңбектің жазылу уақытын көрсететін жалғыз хронологиялық маркер, ол тышқан жылы Ұлы құрылтайда жазылған деген ой [Rachewiltz, 2015, p. 206]. Мәтінге сүйене отырып тышқан жылы 1228, 1240, 1252 және 1264 жылдардың біреуіне сәйкес келеді. Осы жылдар негізінде кітаптың жазылу уақыты қарастырылады.

Бірқатар зерттеушілер Ұлы құрылтай тышқан жылы 1228 жылы өтіп, сол кезде Үгедей хан болып сайланды деп есептейді. Осылайша, мәтіндегі уақыт Шыңғысханның өмірбаяны мен қызметіне қатысты, ал Үгедейдің билігі сипатталатын оқиғалар кейінірек қосылған [Rachewiltz, 1965, p. 185-206; Ratchnevsky, 1993, p. 91-92]. Үгедей ханның билігін сипаттағандығын ескере отырып, басқа бір топ зерттеушілер оның билік ету уақытының соңында яғни 1240 жылы жазылуы мүмкін деп санайды [Pelliot, 1940-1941, p. 1-2; Козин, 1941, с. 17-19]. Ескерткіштің мәтіні Мәңгу ханның тұсында жазылуы мүмкін деген ойды тұңғыш рет Р. Груссе айтқан болатын [Grousset, 1941, p. 22]. Бұл көзқарасты К. Этвуд өзінің мақаласында дамытады. Мақаласында ол МҚШ еңбегінің негізгі мәтіннің XIII ғасырдың 50 жылдары жазылғандығын дәлелдейтін дәйектерді жүйелі түрде баяндайды [Atwood, 2007, p. 1-48]. У. Хаң еңбектің жазылуының неғұрлым кейінгі мерзімін айтады – 1264 жыл [Hung, 1951, p. 489-490]. Радикалды нұсқаны Окада Хидехиро ұсынды, оның көзқарасына сай МҚШ 1324 жылы жазылған тарихи роман [Okada, 1972, p. 61–67; 1989, p. 284–292].

Ұсынылып отырған жұмыста мен мәтіннің мерзіміне қатысты қандай да бір нақты позицияны ұстанбаймын. Мақаланың негізгі мақсаты МҚШ баяндалатын екі оқиға желісін автор немесе бір редактордың ашықтан-ашық және саналы түрде тарихи оқиғаны құрастыруы қарастырылады. МҚШ мәтінінде көп мөлшерде анахронизмдердің кездесуі, ескерткішті ерте уақытпен мерзімдеуге мүмкіндік бермейтіндігі белгілі. Мысалға Үгедейдің Есудер Корчиді Кореяға жіберу хабарын айтсақ болады [Okada, 1972, p. 61–67;

1989, p. 284–292]. Есудердің ол жерге ауысып, қолбасшы Жалайыртаһ Корчиді алмастыруы 1258 жылы

Мәңкенің тұсында болған еді [Ledyard, 1964, p. 1-22; Henthorn, 1963, 137, 150–51]. МҚШ кездесетін анахронизмдерді анағұрлым толықтай зерттеген К. Этвуд болды, оның пайымдауына кейбір анахронизмдер оқиғаның құрылымына кейінірек, редакциялау барысында кіруі мүмкін. Дегенмен, кейбір анахронизмдер мәтінге тереңірек кірген олардың пайда болуын кездейсоқтықпен түсіндіру мүмкін емес [Atwood, 2007, p. 7]. Анахронизмдер белгілі, мен олардың пайда болу механизмдерінің бір ықтималдығын қарастыруға тырысамын.

Пікірталас. Сөз екі оқиға туралы, зерттеушілер бұл оқиғалардың күрделі тарихи сипаты туралы бұрыннан айтып жүр. Біріншіден бұл 54-55 параграфтарда кездесетін моңғол-хорезм соғысы алында тақ иесі ретінде Үгедейді сайлауы. Оқиғаның жалпы құрылымы мынандай:

1. Хорезмде моңғолдың елшілері қастандықпен өлтіріледі және Шыңғысхан ол жерге әскер жіберуге шешім шығарады;

2. Әйелі Есуй-хатун оның жорықта қайтыс болу мүмкіндігін және тақ иесін тағайындаудың қажеттілігін ескертеді;

3. Шыңғысхан Жошыға сөз береді, арты Шағатай мен Жошы арасындағы қатты дау-дамайға айналады. Шағатай Жошыны «Меркіттің сүмелек ұрпағы» деп айта отырып, бауырының шығу тегіне қатысты көлеңке түсірсе, екінші жағынан анасының арына күмән келтіріп, оның зорланғандығын айтады. Жағаларынан алған бауырларды Боорчу мен Мухали ажыратып алады. Коко-Цос Бөртеңі жақтау сөзін айтады (254);

4. Шыңғысхан дауды тоқтатып, Шағатайға қатты-қатты сөздер айтады. Шыңғысхан Үгедейді мұрагер етіп тағайындай отыра, оның ұрпақтары билік етуге лайықты болмаса, билік оның өзге балаларына берілуі қажет (255).

МҚШ еңбегінде Моңғол-хорезм соғысының сипаты анахронизмдер мен сәйкессіздіктерге толы. Бірақ, отбасылық кеңесті сипатталуы, соның ішіндегі мұрагерлік мәселесі толығымен құрастырылған. И. де Рахевильц бұл Жошы мен Шағатай ұрпақтарының билікке келуіне қарсы болған моңғол элитасының интерполяциясы болуы мүмкін дейді [Rachewiltz, 2004, p. 923, 937]. Ең басты күмәнді «Шыңғысханның өсиеті» яғни Үгедейдің ұрпақтары билік етуге лайықты болмаса, билік Шыңғысханның басқа ұрпақтарына берілуі керек деген ойы жатыр. Рашид ад-Динде МҚШ осы оқиғаның бас нұсқасы баяндалады. Оған сәйкес, бұл сөздер Күйік қайтыс болғаннан кейін, Үгедей ұрпақтарының билікке таласы бар екендігін меңзеп айтылған. Келтірілген мысалда сол символикалық қатар қолданылады және қарама-қарсы пікір айтылады. Төрелер лайықты болмасада Үгедей ұрпақтары билікте болуы керек деп ант берді [Thackston, 1998-1999, p. 39]. Рашид ад-Диннің келтірген формуласы МҚШ келтірілген формулаға қарағанда ақылға қонымды. Сондықтан, көптеген зерттеушілер Үгедей ұрпақтарын таққа отыру құқығын бекіткен нұсқаны алғашқы нұсқа деп санайды. МҚШ баяндалатын нұсқа Мәңгудің тұсында, Тулуиттардың таққа құқығын бекіту кезінде айтылған кейінгі интерполяция деп қабылдайды [Rachewiltz, 2004, p. 935-937; Atwood, 2007, p. 11-12; Kim, 2005, p. 324-326].

Сонымен, МҚШ баяндалған моңғол-хорезм соғысының белгілі бір бөлігі автор немесе редактор тарапынан құрастырылған. Мен бұл жерде берілген сюжеттегі саяси маңызы бар барлық анахронизмдерді қарастырмаймын, тек ары қарайғы оқиғаларда кездесетін тікелей ұқсастықтарға тоқталатын боламын.

Автор немесе редактор отбасылық кеңесте Жошы мен Шағатай арасында болған дауды, Үгедей мұрагер дегенді құрастырып жазған. Бұндай ойға келесідей зерттеулер көрсетеді:

1. Рашид ад-Динге сәйкес Шыңғысхан Хорезмге жорығының алдында құрылтай жасағандығы айтылады, бірақ тақ мұрагері туралы, балалары арасындағы дау туралы да айтылмайды [Thackston, 1998-1999, p. 241]. «Жамиғ ат-Тауарих» мәтінде өзге деректермен расталатын өзгеше оқиға желісі беріледі. Рашид ад-дин Шыңғысханның тақ мұрагері ретінде Үгедейді тағайындаған құпия мәжілісі 1226 жылы өткендігін айтады. Таңғұттарға қарсы жорығында Шыңғысхан жақында өлетіндігі туралы түс көреді. Тез арада барлық ұлдарын соңғы ақылы мен мұрагерін жариялау үшін жинайды. Әмірлер бұл жиынға кіргізілмеді. Жошы бұл уақытта қайтыс болып кеткен еді. Шағатай келмеді. Шыңғысхан отбасылық кеңесте шығарылған шешімге Шағатайдың келіспеуі мүмкін деп алаңдайды [Thackston, 1998-1999, p. 241]. Жувейниде Үгедей хан болып тағайындалған уақытты таңғұттарға қарсы жорықтан соң болғандығын жазады [Juvaini, 1997, p. 178-183].

2. Рашид ад-Дин Шыңғысханның балалары арасындағы дау туралы хабар береді. Ол оны 1221 жылдың қысы не жазында Үргенішті алу кезінде болғандығын жазады [Thackston, 1998-1999, p. 254]. Рашид ад-Динде Үргенішті басып алу егжей-тегжейлі жазылған, дегенмен жұмысының басқа бөліктерімен керіғарлықтары бар. Шыңғысхан туралы оқиғада оның «Шыңғысханның ұлдары Жошы, Шағатай және Үгедейді Хорезмге жіберуі және оны жаулап алуы» деген әңгімесінде Мауераннахрды жаулап алғаннан соң Шыңғысхан үлкен ұлы Жошыны Шағатай және Үгедеймен қосып Үргенішке жібереді. Қаланың іргесіне келгенге дейін оларға қаланы қорғаушылар шабуылдар жасап тұрды. Жошы, Шағатай және Үгедей келуімен қаланы қоршауға алып, қала басшыларына берілуі туралы елшілік жібереді. Сәлден соң қосымша күш келіп, шабуылға дайындық басталады. Осы жерде Жошы мен Шағатай арасында дау туындап кетеді. Бұл өз кезегінде моңғол әскерінің әлсіреуіне және шығынға ұшырайды. Осы үшін қаланы қоршау 7 айға созылып кетеді. Шыңғысханға Таликанды қоршауға алып жатқанда, Үргеніш ұлдары арасында болған келіспеушіліктері себепті әлі алынбай жатқандығы туралы хабар келеді. Ол Хорезмге Төлені жібереді, ол жерге келіп әскер арасында тәртіп орнатып, қалаға шабуылды бастайды. Ары қарай қаланы басып алуы, тұрғындарды жазалау, қаланы тонау басталады. Дегенмен, Шыңғысханның Жалал ад-Динді қуу туралы жерінде, Шыңғысханның Таликанды жаулап алуының аяқталуы, ұлдарының Үргеніштен, Төленің Хорасаннан келуі айтылады [Thackston, 1998-1999, p.253-256].

О.И. Смирнованың аудармасына негізделген мәтінде бұл керіғарлық анық көрінеді. Үргенішті жаулап туралы оқиғада, дау басталғаннан кейін шабуылды басқарған жан Үгедей болғандығы айтылады. Бірақ, «Шыңғысханның Самарқандтың шетіне шығуы» тарауынада көктемде әкелері Таликанды қоршауға алғанды, ұлдары Жошы, Шағатай және Үгедей Үргенішті қоршаумен айналысып жатқандығын, ал Төле болса Мерв және Нишапураның барлық жерін және қаланың өзін жаулап жатқандығы айтылады. Көктемнің аяғына қарай Шыңғысхан Төлеге қайтуды бұйырады. Қайтар жолда Гератты басып алады. Төле келген уақытта Таликан Шыңғысханның қолына өтіп қояды. Оны қоршау 7 айға созылған болатын. Сосын Шыңғысханға Шағатай, Үгедей және Жошы да келіп жетеді [Рашид ад-Дин, 1952(2), с. 217-219]. Оқиғаға сәйкес Үргенішті Жошы, Шағатай және Үгедей қоршап, шабуылдағаны айтылады, ал Төле басқа бағытта дербес қимылдағандығын білуге болады. Тисінше Жошының солтүстікке кетуі, Шағатай мен Үгедейдің Шыңғысханға оралуы 1221 жылдың көктемінің аяғы не жазының басы болуы мүмкін.

«Жошы хан туралы әңгімеде» Самарқандтың түбінен Шыңғысханның Жошыны Шағатай мен Үгедейді Үргенішті алуға жібергендігі айтылады. Алайда, қаланы басып ау Жошы мен Шағатай арасындағы дауға байланысты созылып кетеді. Сол кезде Үгедейді басшы етіп тағайындайды. Осыдан кейін Үргеніш алынып, Үгедей әкесіне Таликанға қарай, ал Жошы өзінің ордасы Ертіске қарай жылжығандығы айтылады. Ары қарай

Шыңғысханның Жошыға Келар, Башгирд, Урус, Шеркес және дешті Қышпақ сияқты солтүстік елдерді жаулап алу туралы айтқандары баяндалады. Осыдан кейін Жошының әкесінің бұл бұйырығынан жалтарғаны, әкесі мен ұлының арасындағы келіспеушілік және өлімі баяндалады. «Шағатай туралы әңгімеде» Рашид ад-Дин осы әңгімеге қайталайды, бірақ Шағатай мен Үгедейдің оралу мерзімін хижрет бойынша 619 жылдың жазы деп көрсетеді яғни 1222 жыл [Рашид ад-Дин, 1960, с. 78-79, 94-95; Thackston, 1998-1999, p. 359, 374].

Зерттеушілер өздерінің зерттеулерінде Хорезмді басып алу туралы оқиғалардың жалпы ұқсастығы болғанымен, деректер шабуылды кім басқарды, неліктен ол басқарды деген мәселелерде түрлі мәліметтер келтіреді. И. Тоғанның көзқарасына сәйкес Хорезмді жаулап алу Шыңғысхан балалары арасында билікке лайықты тұлғаның орының анықтау ісіндегі үлкен қадам [Тоған, 2001, с. 168-172]. П. Джексон Моңғолардың билеуші топтары арасындағы ұлғайып отырған келіспеушіліктер Шыңғысхан ұрпақтары ішінен жаңадан қосылған батыс өлкелерін кім басқаруға лайықты деген мәселе төңірегінде болған деп есептейді [Джексон, 2017, с. 52]. К. Этвуд осы ойды қолдай отыра, келіспеушілік сондай-ақ, моңғол тарихнамасында да жүрді дейді. Династияның негізін қалаушы және оның легетимдігін негіздеген Шыңғысханның өзі болды. Осы ретте ең маңызды мәселе немесе құрастырылған факт батысқа жасалған жорықта 4 ұлының қайсысы осы жорықта қолбасшы болып, алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыра алады. Хорезмді жаулап алу моңғолдардың батысқа жылжыуының негізгі этаптары болды. Жорық кезіндегі әрбір қатысушының мәртебесі, оның және ұрпақтарының империяның негізін қалаушының қазасынан кейінгі билікке лайықты деген тұжырымды көрсетті. Ол Жошының өміріне қатысты қытай және парсы деректеріндегі «стандартты әңгімелеуде» оның рөлі түрлі себептермен төмен түсіріліп отырды. «Стандартты әңгімелеу» 1251 жылғы Тулуид төңкерісі нәтижесінде қалыптасып, осы дәуірдегі жекелеген тұлғалардың биографияларында келетін мәліметтерге керіңар.

Автор келесідей реконструкция ұсынады. И Юань Ши және Рашид ад-Динде Жошының әуел бастағы карьерасы туралы мәліметтерде ол Шыңғысханның ресми мұрагері ретінде көрсетіледі. Бұны Жошының моңғол-хорезм соғысы басындағы әрекеттері қуаттай түседі. Ан-Насавидің ангажирленбеген хабарламасына сәйкес, Жошы әкесінің бұйырығы бойынша Үргенішті қоршауды басқарып, оның байлығын иеленуі қажет болды. Шағатаймен арада болған келіспеушілік және шабуыл кезіндегі сәтсіздіктер оның тақ мұрагері мәртебесінен айырылуға әкеліп соқты. Кейіннен бұл оқиғаның бірнеше нұсқасы пайда болды. Жувейни Жошының қаланы алудағы рөлін төмендетіп, ұрпақтарының билікке деген талаптарын әлсіретті. Рашид ад-Диннің мәтінінде бірнеше нұсқа берліген. Бір нұсқада Үгедейді, келесі бір нұсқада Төлені көшбасшы ретінде көрсетеді [Atwood, 2017, p. 35-36, 50-54].

Ан-Насави сияқты беделді деректе Жошы қоршаудағы Үргеніш элитасымен келіссөздер жүргізгендігі айтылады. Сондай-ақ, Жошы әуел баста қаланы бүлдіргісі келмегендігі айтылады. Себебі, ол оның иелігіне өтуі керек болатын [Шихаб ад-дин ан-Насави, 1996, с.132-134]. Бұл мәлімет Рашид ад-Дин мәтінімен арадағы келіспеушілікті жоймайды, дегенмін жартылай оны негіздейді. Рашид ад-Диннің Төленің қозғалысы туралы хабарлары, оның шабуылға қатысуы туралы нұсқаны қабылдатпайды. Қазір, Жошы әуел бастан жалғыз қолбасшы болды ма әлде өкілдік Шағатай екеуінің арасында бөлініп берілді ме, осы туралы нақ басып айту өте қиын. Бізге маңыздысы, МҚШ басқа да деректер екі маңызды тұсты растайды. Біріншіден, Хорезм жорығының басында Үгедей көшбасшы ретінде әлі мойындала қоймады, ондай көшбасшы Жошы болғанға ұқсайды. Екіншіден, өте әккі Шыңғысханның ұрысып қалған екі ұлын бірдей Хорезмді алуға жіберуі мүмкін емес жағдай. Соғыс барысы, алғашқы уақыттарда олардың арасында шиеленіс болмағандығын болған күннің өзінде ашық дұшпандыққа ұласпағандығын

көрсетеді. Жошының көшбасшылығы мен тегіне қатысты дауда Төленің болмауы, Рашид ад-Диннің Жошы туралы тарауына сәйкес, ағайындар арасындағы тартыста Төле ешқашанда Жошыны жамандамаған әне оның заңды мұрагер екендігін мойындап отырған [Thackston, 1998-1999, p. 347-348].

3) МҚШ баяндалған отбасылық мәжілісте екі тұлғаның сол кезде Моңғолияда болмағанының ықтималдығы жоғары. Біріншіден, Мухали. К. Этвудтың пікіріне сәйкес оның 1221 жылы Шыңғысханның лагерінде болуы мүмкін емес, себебі деректерге сәйкес 1217 жылдан өзінің өліміне дейін яғни 1223 жылдар аралығында солтүстік Қытайда болған [Atwood, 2007, p. 10]. К. Этвудтың пікірмен келісе отырып, оның Моңғолия жерінде өткен отбасылық кеңеске қатысуы үлкен мәселе. Юань Шидің мәліметтеріне сәйкес 1217 жылдан бастап ол Солтүстік Қытайда белсенді ұрыс қимылдарын жүргізген болатын. 1218 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Тайюань және Пиньян қалаларын басып алған болатын. Батысқа жорық жасау туралы шешім 1219 жылдың шілде-тамыз айларында қабылданған болатын. Осы жылдың күзінде Мухали Кэланьчжоу, Цзичжоу, Сичжоу және Цзянчжоу аймақтарын жаулап алған болатын [Храпачевский, 2009, с. 155-156]. Екі оқиғада «хорезмдік сюжетке» Мухалиядың қатысу шындыққа жанаспайды.

МҚШ баяндалатын оқиғаға қатыспаған екінші тұлған Жошының өзі болды. Жошының қозғалыстарын тиянақты зерттеген П. Буэль 1218-1219 жылдары батысқа жылжып, кейіннен оңтүстікке жылжыған еді. Осы арқылы хоремшахы Мұхамметтің екі бағытта шайқасуға мәжбүр етті [Buell, 1992, p. 23-29]. И. Тоған атап өткендей «Отырар инциденті» уақытында Жошы батыста болған. Сондықтан, оның кеңеске қатысып, Шағатаймен дау-дамайға баруы мүмкін емес еді [Тоған, 2001, с. 171]. К. Этвудтың Батыс Қазақстанда Жошының Хорезмшах Мұхамметтің әскерімен шайқасы және соғыстың ресми себебі болған Отырарда моңғол елшілерінің өлтірілуі бір мезетте болды, мұндайды моңғолдар күтпеген еді [Atwood, 2017, p. 47-49].

Солтүстік Қытайдағы Мухали мен Батыс Қазақстанда жүрген Жошының отбасылық кеңеске келуі мүмкін, бірақ бұл мүмкін емес. Сол сияқты Мухалидің 1221 жылы Шыңғысхан ордасында болуы осы қатарда. Себебі, осы уақытта ол Пекинде оңтүстікқытай елшісі Чжао Хунмен сөйлескен еді [Мэн-да бэй-лу, 1975, с. 55]. Осы жерде тағы бір қызықты жәйтқа тоқталып өтейік. МҚШ басқа деректерде кететін тағы бір отбасылық кикілжің туралы мәлімет беріледі. МҚШ сәйкес, Жошы, Шағатай және Үгедей Үргенішті алғаннан кейін олжаны өзара бөлісіп, әкелерінің үлесін беруді ескермей қалады. Бұны білген Шыңғысхан ұлдарын өзіне үш күн жақындатпайды. Тек, Мухали сияқты беделді адамдардың шапағат етуімен олар Шыңғысханның қабылдауына кіріп, әкелерінен қатаң сөгіс естиді [Rachewiltz, 2015, p. 181]. Бұл жерде де Жошының қатысуы да күмәнді. Тіпті, Үргенішті алғаннан соң ол әкесімен кездестіме деген сұрақтың басы ашық. Себебі, негізгі екі дерек екі түрлі мәлімет береді. Жувейнидің мәліметіне сәйкес Шыңғысхан 1222-1223 жылдары қыс айларын Самарқандтың маңайында өткізген. Осы жерден Дешті Қыпшақтағы ұлы Жошыға өзіне келсін деген бұйрықпен хабаршы жібереді. Фенекент өзенінің бойында көктемде Үгедей және Шағатаймен кездесіп құрылтай өткізеді, осы жерден ары қарай жылжиды, арттарынан Жошы Құлан-басы тұсында қуып жетеді. Ол әкесіне мың сұр жылқы мен есектерді айдап әкеледі. Басқа жерінде автор Жошы әкесімен кездескеннен кейін Құланбасыға келіп қайтыс болады [Juvaini, 1997, p. 139-140, 266].

Рашид ад-Динге сәйкес хижраның 621 жылы (1224 ж.) Шыңғысхан Таңғұттардың көтерілісін басу үшін кері оралды. Банакент өзенінің бойында құрылтай өткізеді, ол жерде Жошыдан өзге барлық балалары қатысады. Шыңғысхан 1224 жылды жолда өткізіп Моңғолияға 1225 жылы Моңғолияға оралады [Рашидад-Дин, 1952(2), с. 226, 229-230; Thackston, 1998-1999, p. 258, 260-261].

«Жошы хан туралы әңгімеде» ол Хорезмді алғаннан кейін Жошының Ертістің бойына келіп, Шыңғысханның бұйрығымен дешті Қыпшаққа қарсы жорығын бастау керек болатын. Жошының бұйрыққа бағынбауынан кейін әкесі мен баласына арасында шиеленіс басталады. Әкесі, оның ордаға келуін талап етеді. Жошы денсаулығына байланысты бара алмайды. Бірнеше шақыруына келмегеннен соң Шыңғысхан Жошына жөнге келтіру үшін Шағатай мен Угедейді жіберуге шешім шығарады, жорыққа дайындалып жатқанда Жошының қазасы туралы хабар келеді [Thackston, 1998-1999, p. 359-360].

Юань Ши МҚШ тарихына баяндалатын нұсқаға жақын нұсқаны баяндайды. 1221 жылы Шыңғысхан Парванда болғанда Жошы, Шағатай мен Угедей Баланоянның әскерімен бірігеді [Храпачевский, 2009, с. 159] яғни Жошы біраз уақытқа әкесімен қосылады. Бұл мәліметті толыққанды қате деуге болады себебі осы Юань Ши «Исмаилдың өмірбаянында» 1223 жылы Жошы солтүстікте жүргендігі айтылады, себебі Жебе Исмаил арқылы орыс князі Мстиславды береді [Храпачевский, 2005, с. 522]. Осылайша әкесімен кездесті деген Жувейни дұрыс мәлімет келтірседе немесе МҚШ Рашид ад-Дин келтірген мәлімет дұрыс па, қалай болғанда да Шыңғысханның үлкен ұлы құрылтайға қатыспаған.

Қарастырылған оқиға желісіне қайта орала отырып, МҚШ авторының немесе редакторының өзіне ыңғайлы оқиға желісін құрастырған конструктивті әдістерін байқай аламыз. Империяның элитасына белгілі болған Жошы мен Шағатай арасындағы Үргенішті алар алдындағы келіспеушілікті алған. Шағатайдың Жошы туралы айтқан сөзі қаншалықты деңгейде шындыққа сәйкесетіндігін нық басып айта алмаймыз. Бірақ, Хорезмді басып алар алдында кімнің жолы үлкен мәселесінде Шағатай ағасына осы мағынадағы сөздерді айтуы мүмкін. Бұл оқиғаны автор өзіне керек хронологиялық және саяси контекст – отбасылық кеңесте Угедейді тақ мұрагері сайлаған уақытқа қойды. Шындығында бұл оқиға моңғол-хорезм соғысынан кейін болған, бұл кезде Жошы қайтыс болып кеткен еді. Осылайша, Төледен басқа Шыңғысханның барлық балалары сынға ұшырады. Оқиғаны хронологиялық тұрғыдан жылжыту моңғолдардың батысқа жылжуы алдында және басып алғаннан соң билікке кім лайықты екендігін көрсететін маңызды кадам болды.

Бұл жалпы ойлар ішінара бекітіле түседі, себебі автор немесе осы сияқты конструктивті әдістерді қолданады:

1. Ұлы Батыс жорығы кезеңде Бату Угедей ханға ұлының Күйіктің және Шағатайдың ұлы Бүридің және Елжігіттің ұлы Харкасунның тәртіптеріне шағымданып хабарлама жібереді. Хабарламада Русьді және т.б. он бір елді жаулап алғаннан соң «Мегет» қаласы алынады. Моңғолдар кері қайтамыз деп шешеді. Қайтар алдында үлкен той жасалады, үлкен шатыр тігіледі. Ханзадалардың үлкен Бату бірінші болып тостағаннан ішеді. Бұл Күйікті, Бүриді және Харкасунды ренжітеді, баршаның көзінше Батуды ренжітіп, тойдан кетіп қалады. Олардың Батуға қарсы айтылған сындарының жалпы мағынасы Батудың және оның жақтастарының әйелтектес екендігі және Бату ағалыққа лайық емес дегенге саяды (275).

2. Оқиғаны естіген Угедей қатты ашуланып ұлы Күйікті бағынбағаны үшін жер аударуға, Бүриді әкесі Шағатайға, Харкасунды жер аударуға немесе басын алуға шешім шығарады (276).

3. Мәңгу ханзада Күйік, Бүри және Харкасунды қорғаштап олардың жазасын әскер басы Бату керек деген ой айтады. Угедей келіседі, ұлын қатты сынап, оның қыпшақтар мен орыстарды жаулауда қандай да бір үлесі жоқ екендігін бетіне басады. Күйік пен Харкасунды Батудың сотына жібереді, ал Бүриді Шағатайға жібереді (277) [Rachewiltz, 2015, p. 194-197].

Бұл оқиға және 254-255 параграфтар МҚШ Угедей қайтыс болғаннан кейін, оның ұрпақтарын мұқату үшін әдейі қосылуы мүмкін дейді Л. Лигетти. Бұл көзқарасты И.

Рахевильцте қолдады [Rachewiltz, 2004, p. 1014]. Себебі, Күйік әкесіне келіп, қайтадан батысқа кетуі мүмкін емес еді [Yü Da-Djün, 1986-1987, p. 297-300; Atwood, 2007, p. 13-14]. Бір-біріне тәуелсіз үш дерек болған оқиғалардың тізбегін басқалай тізеді. Біріншіден, Жувейни, Күйік әкесінің қазасын Моңғолияға бара жатқан жолда естіген. Еміл өзеніндегі ордасына жеткенде тақ мұрагері Темуге-Отчиген бастаған бүлікті естиді. Яғни, әкесінің қазасы туралы хабарды ертерек алған [Juvaini, 1997, p. 248]. Екіншіден, Юань Ши Үгедей Күйікқа әскерімен бірге тек 1241 жылдың басында оралуды бұйырады [Храпачевский, 2009, с. 176]. Үшіншіден, Күйіктің есімі 1240 жылдың соңында Киевті қоршауға алған моңғол әскерінің басшыларының тізімінде болған. Бұл тізімді Ипатьев жылнамасына сәйкес орыстар тұтқынға түскен Товрул моңғолдан алған [Ипатьевская летопись, 1908, с. 536-537]. Үгедейдің 1241 жылдың 11 желтоқсанында қайтыс болғандығын ескерсек, тарихшылардың келтірген барлық мәліметтері сәйкес келеді. 1240 жылдың желтоқсан айында Киевті болған. Шамамен осы кезде әкесі Үгедей оның елге оралуына қатысты бұйрық шығарады. Екі жердің арасындағы қашықтықты ескере отырып, оның әкесінің қазасын қайтар жолда естігені ақиқатқа саяды.

МҚШ көптеген сюжеттерге Х. Ким көп көңіл бөлген. Күйіктің майданнан әкесіне оралу мүмкін еместігін мойындай отырып, жорық басшылары арасында қандай да бір шиеленістің болуы басқа деректер арқылы расталып отыр. Зерттеушілердің пікірлеріне сәйкес Бату мен Күйіктің арасында қандай да бір кикілжің болған. Болжам бойынша 1241 жылдың жазында Венгрларды жеңгеннен кейін болғанға ұқсайды. Бұған Юань Ши Бату мен Субедей арасындағы келіспеушілік тойдың үстінде болғандығын тұспалдап айтады. Автордың пікірі бойынша даудың басты себептерінің бірі Батудың әскери істегі біліксіздігі салдарынан әскерді басқарудағы көптеген қателіктері болды [Kim, 2005, p. 314-320].

Бірақ, егер автордың не редактордың конструктивті әдістерді қолданғанын ескере отырып, берілген сюжетті толықтай қалыпына келтіре аламыз. Зерттеушілер бізге бұл оқиғаның екі нұсқасы жеткендігін айтады. Екеуінде де Мәңгу дәуірінде Жошы мен Төле ұрпақтары өздерінің барлық бәсекелестерін жеңгеннен кейінгі кезенді меңзейді. Зерттеушілер 1251 жылы Бүри мен Харкасунның Батудың талабы бойынша өлтірілгендігін айтады [Yü Da-Djün, 1986-1987, p. 300; Atwood, 2007, p. 13-14].

Өзге деректер бұл оқиға туралы не дейді? 1254 жылы Бүридің бұрынғы иеліктерін басып өткен Гильом де Рубрук, оның жайылымдық жерлерінің нашар болғандығын жазады. Бірде, масайған Бүри көпшіліктің көзінше Шыңғысханның ұрпағы ретінде Бату сияқты Еділдің бойында жайылымдық жерді жайлағасы келеді. Бұл туралы естіген Бату, өзіне Бүриді алдыртып, шыныменде оның осы сөздерді айтқандығын сұрайды. Бүри, расыменде ондай сөздерді айтқандығын, өзінің кінәсін мойындап, мас болғандығын айтып ақталады. Бірақ, Бату ештеңеге қарамастан оны өлтіреді [Jackson, Morgan, 199, p. 144-145].

Рашид ад-Динде осы дауды айтып өтеді. Мәңгудің билігі тұсында Бүри мас болып, Батуды балағаттай бастайды, бұны білген Бату оны өзіне алдыртады. Мәңгудің бұйрығымен Бүри Батуға жөнелтіледі. Бату өлтіреді [Thackston, 1998-1999, p. 368-369].

Рашид ад-Дин балағаттау Мәңгудің билігі тұсында болғандығын жазады бұл анық қателік, себебі Бүри жаңа ханның билікке келуімен жазаланған еді. Сондай-ақ, оқиғаның тізбегі қатты сығылып берілген. Бірақ, балағаттау қандай да бір реніш себепті болғандықтан, автор оның алғышарттарынан хабардар болған. Осы хабарлама негізінде үш қортынды жасауға болады. Біріншіден, екі авторда Бүри мас болып балағаттады дейді, бұл МҚШ айтылатын тойды растайды. Екіншіден, екі авторда ол жерде Батудың болмағандығын көрсетеді. Бұл МҚШ баяндалғандай Бүри Батудың бетіне ештеңе айтпағандығын көрсетеді. Бату өзін балағаттаған туралы кейіннен білген. Рубрук келтірген нұсқада ол Бүриден жауап алған. Үшіншіден, МҚШ айтылған нұсқа Рубрук

келтірген нұсқадағы даудың себебін жауып тастады. Ал Рубруктың нұсқасы қисынды және Батысқа жасалған Ұлы жорықтың аяқталуы кезеңіне жақсы келеді. Бүри Батудың үлкендігіне наразы болмады, ол жаулап алынған жерлердің Жошы ұрпақтарының қолына өтуіне наразы болған еді.

Бату мен Бүри арасындағы дау нақты қашан болғандығын дөп басып айту қиын. МҚШ өзге деректерде ол дауға Күйік немесе Харкасунның қатысуы туралы нақты айтылмаған. Жувейни мен Рашид ад-Дин Харкасунның өлтірілуін Бүридің өлтірілуімен байланыстырмай айтады және Бүридің Жошыны балағаттауы туралы мәліметтер келтірмейді [Juvaini, 1997, p. 587; Thackston, 1998-1999, p. 407]. Күйік туралы да осыны айтуға болады. Батудың Күйік, Харкасунмен жауласқандықтарын айтуға болады, бірақ бұлар Бүридің мас күйінде Жошыны балағаттағанымен байланысты емес. Сондықтан МҚШ баяндалған Батуды балағаттау кезінде Күйік пен Харкасунның болуы туралы нақты айту мүмкін емес. Бұл кейіннен қосылуы мүмкін.

Бұл туралы ақырын ғана тұспалдауға болады. Х. Кимнің болжамы көңілді қонымды дегенмен, ол жерде белгілі бір керіғарлықтар бар. Егер мәтін авторы немесе кейінгі интерполяцияда шынайы өмірде болған оқиғаға негізделсе, нәліктен онда батысқа жасалған жорық Русь пен «Мегет» қаласын басып алумен аяқталды? Нәліктен Венгрия мен Польшаны басып алуы айтылмайды? Зерттеушілердің басым бөлігі инцидент осы кезде болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, Күйіктің Киевті алғаннан кейінгі жорықтарға қатысуын белгілі тарихи деректер қуаттамайды. Шын мәнісінде, 1241 жылдың жазында Бату мен Күйік арасындағы дау жалғыз себебі, моңғол әскерінің барлық қолбасшылары қатысқан той Жошы мен Шағатай арасындағы дау сияқты Рубрук пен Рашид ад-Дин айтып өткен Бату мен Бүри арасындағы дауды автор немесе редактор әдейі кіргізуі мүмкін.

МҚШ баяндалатын оқиға 1239-1240 жылдардың қысымен мерзімделеді. В. Минорский кавказ аландарының астанасы – Магаз қаласы деп көрсетеді [Minorsky, 1952, p. 232-238]. Владимир-Суздаль Русын моңғолдар талқандағаннан соң оңтүстік бағытты алды, осы арқылы тылда қалып, қарсылық жасауға мүмкіндігі бар халықтарды бағындыруға және аман қалған қыпшақтарды талқандауға аттанды. Осы жерде бірнеше әскери іс-қимылдар жүрді. Т. Оллсен оларды реттеуді ұсынды [Allsen, 1987-1991, p. 18].

Рашид ад-Дин бұл мәселені былай сипаттайды: 1238-1239 жылдың қысында Мәңгу мен Қадан шеркестерді жаулап алды. Шибан, Бучек және Бүри Крымда қыпшақтарды талқандады. Берке «бүркітші» қыпшақтарды талқандады. 1239 жылы Күйік, Мәңгу, Бүри және Қадан аландардың астанасы Магасты қоршауға алып, бір жарым айдан соң басып алады. Көктемде Букадайды әскерімен Дербентке жіберді, 1240 жылдың күзінде Мәңгу мен Күйік Үгедейдің бұйырығына сәйкес кері жылжып, 1241 жылы өздерінің ордаларына оралды [Thackston, 1998-1999, p. 327-328]. Юань Ши Магастың жаулап алынуын 1239-1240 жылдың қысы деп көрсетеді [Храпачевский, 2009, с. 175]. Рашид ад-Дин келтірген хронологияда Мәңгу мен Күйіктың қайту туралы хабар алуында ауытқушылық бар. Жоғарыда айтқандай 1240 жылдың желтоқсанында Күйік пен Мәңгу Киевті қоршауға алады, ал Күйіктың ордаға оралуы туралы жарлықты Үгедей 1241 жылдың басында ғана шығара алады, тиісінше ол хабар Күйікке тек ең тез дегенде Көктемде жетуі мүмкін.

Егер шынында да Батудың арызы болса, оның Батудан Үгедейге дейін жететін уақытын ескеру керек. Бұл жердегі барлық есептеулер шартты екендігін ескерген жөн, егер Батудың жазған хаты расыменде Күйіктың кері қайтуына себеп болса, ол хат шамамен 1240 жылдың жазы не күзінде жіберілуі керек болатын. Яғни, Күйіктың Батуды жамандауы шамамен 1240 жылдың алғашқы жартысында, яғни Магасты алғаннан кейін лезде немесе біраз уақыт өткен соң орын алуы керек еді. Бұл жердегі қызық жәйт, қыпшақтарға қарсы төрелердің іс-қимылы біріккен болды: Крымда Шибан, Бучек және Бүри, бұлардан алыс емес жерде Берке де қыпшақтармен соғыс жүргізді. 1239 жылдың

аяғында Бучек Магас қаласының түбіне келіп Күйікпен кездеседі. Бұл алдын-ала жоспарланған тактикалық кездесу болды ма әлде Жошы ұрпақтарымен арада болған даудан кейін орын алған оқиғама ол жағы бізге білгісіз. Бірақ, Магастың түбінде екі тараптың кездесуін кездейсоқ дей алмаймыз. МҚШ баяндалатын Бүридің Жошыны балағаттауы осы жерде болғанға ұқсайды.

Қорытынды. Қортындылай келе МҚШ еңбегінің авторы не редакторы екі оқиғаны бір шаблонның негізінде құрастырған. Ол империяның элитасына белгілі Жошы және оның ұрпақтары мен Шағатай және оның ұлы арасында болған екі оқиғаны алған. Біріншіден, оқиғаны лайықты әлеуметтік контекстке қойған – тақ мұрагерін тағайындау үшін өткізілген отбасылық кеңес және батысқа жасалған Ұлы жорықтың аяқталуын атап өту үшін ұйымдастырылған той. Екіншіден, ол оларды қажетті хронологиялық және саяси контексте орналастырған – тақ мұрагерін анықтау мәселесі және батысқа жорықтың басталауы, батысқа жорықтың аяқталауы және одан болашақ батыс өлкесін бөлу мәселесі. Осы ретте И. де Рахевильца ойлары өте қызық. Оның пікірінше Сүбедейдің жаулап алған елдері мен халықтарының тізімі МҚШ батысқа жорық жасалғанда басып алынған елдердің тізімімен шатысып кеткен [Rachewiltz, 2004, p. 958-959]. Үшіншіден, екі құрастырылған оқиға желісінде билеуші элитаны ауыр-ауыр сөздермен балағаттаумен ерекшеленеді. Бұл шығыстың әдеби жанрға тән емес құбылыс. Автор не редактордың бұлай жасауының себептерін тек болжамды түрде айтуға болады. Мүмкін ол осы арқылы Шыңғысхан ұрпақтары арасындағы қатал, ауыр шиеленіс атмосферасын көрсеткісі де келуі мүмкін. Ал, Төле және оның ұрпақтары ақырын ғана бұл оқиғалардан аман шығып отырады. Мәңгу мен Күйік екеуінің майдан шебінен кері шақырылып алғандығы белгісіз. МҚШ Рашид ад-Диннің Мәңгу Күйікпен бірге кері ордаға шақырылды деген нұсқасын растайды. Осы Мәңгу айыпты болған ханзадаларды қорған сөз сөйлеген болатын. Үгедейді баласының ісін Батуға қаратуға көндіргенде өзі болатын. Осылай болғандығында айта кету керек. Автор «Төрелер арасындағы жарылысты» саяси жағынан маңызды хронологиялық контекстпен араластырып ұсынады: батысқа жорықтың басталуы және ол жорықтың аяқталуы. Бұл жердегі басты идея Шыңғысхан ұрпақтарының өзара олжаны бөлісе алмауы, және Жошы және оның ұрпақтарының құқытарын шектейтін Төле ұрпақтарына пайдалы анахронизмдердің қосылуы. МҚШ Жошыға қатысты өзгеде оқиғалар осылай өңдеуден өтуі мүмкін.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Allsen T. Mongols and North Caucasia // *Archivum Eurasiae Medii Aevi*. 1987-1991. P. 5–40.
2. Atwood C. The Date of the ‘Secret History of the Mongols’ Reconsidered. // *Journal of Song-Yuan Studies*. 2007. No. 37, P. 1–48.
3. Atwood C. Jochi and the Early Western Campaigns // *How Mongolia Matters: War, Law, and Society*. Leiden. Brill. 2017. P. 35-56.
4. Buell P. Early Mongol Expansion in Western Siberia and Turkestan (1207-1219): A Reconstruction // *Central Asiatic journal*. No. 36. 1992. P. 1-32.
5. Grousset R. État actuel des études sur l’histoire genghiskhanide // *Bulletin of the International Committee of Historical Sciences*. 12. 1941. P. 22–40.
6. Henthorn W.E. Korea: The Mongol Invasions. Leiden. E.J. Brill. 1963. 252 p.
7. Hung W. The Transmission of the Book Known as The Secret History of the Mongols // *Harvard Journal of Asiatic Studies*. 14. 3/4. 1951. P. 433–492.
8. Джексон П. Распад Монгольской империи // *Золотоордынская цивилизация*. 2017. № 10. С. 50–83.

9. Jackson P., Morgan D.O. The mission of Friar William of Rubruck: his journey to the court of the Great Khan Möngke, 1253-1255 / translated by Peter Jackson; introduction, notes and appendices by Peter Jackson with David Morgan. London. Hakluyt Society. 1990. 312 p.
10. Juvaini Ata-Malik. The History of the World Conqueror / Transl. from text of Mirza Muhammad Qazvini by J. A. Boyle, introduction and bibliography by D.O. Morgan. Manchester, 1997. 763 p.
11. Kim Hodong A Reappraisal of Güyüg Khan // Mongols, Turks, and Others: Eurasian Nomads and the Sedentary World. Edited by Reuven Amitai and Michal Biran. Brill. Leiden. 2005. P. 309–338.
12. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. Т. 1. М.: Изд-во АН СССР, 1941. 611 с.
13. Ledyard G. The Mongol Campaigns in Korea and the Dating of The Secret History of the Mongols // Central Asiatic Journal. 9. 1964. P. 1–22.
14. Мэн-да бэй-лу (Полное описание монголо-татар). Пер. с кит., введ., коммент. и прил. Н. Ц. Мункуева. М.: Наука. 1975. 285 с.
15. Minorsky V. Caucasia III: The Alan Capital Magas and the Mongol Campaigns // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. University of London. Vol. 14, No. 2. 1952. P. 221-238.
16. Okada H. The Secret History of the Mongols, a Pseudo-Historical Novel // Ajia Afurika gengo bunka kenkyū 5. 1972. P. 61–67.
17. Okada H. The Chinggis Khan Shrine and the Secret History of the Mongols // In Religious and Lay Symbolism in the Altaic World and Other Papers, ed. Klaus Sagaster and Helmut Einer. Weisbaden: Otto Harrassowitz. 1989. P. 284–292.
18. Pelliot P. Deux lacunes dans le texte mongol actuel de L'Histoire secrète des Mongols // Mélanges asiatiques. 1940–41 P. 1–18.
19. De Rachewiltz I. Some Remarks on the Dating of the Secret History of the Mongols // Monumenta Serica. 24. 1965. P. 185–206.
20. De Rachewiltz I. The Secret History of the Mongols: A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. 2 vols. Leiden: Brill, 2004. 1347 p.
21. De Rachewiltz I. The Secret History of the Mongols: A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. The Australian National University, 2015. 268 p.
22. Ratchnevsky P. Šigi Qutuqu // In the Service of the Khan, ed. Igor de Rachewiltz, Hok-lam Chan, Hsiao Ch'i-ch'ing, and Peter W. Geier. Wiesbaden: Otto Harrassowitz. 1993. P. 75–94.
23. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 2. М.Л.: Издательство АН СССР, 1952(2). 281 с.
24. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II. М.-Л.: Издательство Ака-демии наук СССР, 1960. 214 с.
25. Thackston W. (trans.). Rashiduddin Fazlullah's Jami'u'tawarikh: Compendium of Chronicles. Cambridge, Harvard University Department of Near Eastern Languages and Civilizations, 1998-1999. 819 p.
26. Тоган И. Джучи хан и значение осады Хорезма как символы законности // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды): от Калки до Астрахани: 1223–1556. Казань. 2001. С. 146–187.
27. Шихаб ад-дин ан-Насави. Сират ас-султан Джалал ад-Дин Манкбурны (Жизнеописание султана Джалал ад-Дин Манкбурны). М.: Восточная литература, 1996. 798 с.
28. Храпачевский Р.П. Военная держава Чингисхана. М. 2005. 557 с.
29. Храпачевский Р.П. Золотая Орда в источниках. Т. 3. Китайские и монгольские источники. М.:ЦИВОИ. 2009. 336 с.

30. Yü Da-djün On the Dating of the Secret History of the Mongols // Monumenta Serica. 37. trans. Wilhelm K. Mueller. 1986–1987. P. 277–303.

АНТИ-ДЖУЧИДСКИЕ МОТИВЫ В КНИГЕ "ТАЙНАЯ ХРОНИКА МОНГОЛОВ"

Порсин А.А.

Независимый исследователь.

Россия, Магнитогорск.

Аннотация: в статье рассматриваются два сюжета, содержащиеся в «Тайной истории монголов»; и касающиеся Джучи и его сына и наследника Бату. Во-первых, речь идет о семейном совете перед началом монголо-хорезмийской войны, на котором произошел конфликт между Джучи и Чагатаем, после чего наследником Чингиз-хана был объявлен Угедей. Во-вторых, рассматривается сюжет о ссоре между Бату с одной стороны, и Гуюком, Бури и Харкасуном с другой, возникшей на пиру после захвата Руси, кыпчаков и столицы кавказских алан Магаса, после которой Гуюк был отправлен к Угедею и получил от отца унижительный выговор. Автор статьи приходит к выводу о том, что оба сюжета были сконструированы автором или редактором источника с определенными политическими мотивами, и при этом использовалась сходная методика. Он брал действительно произошедший и известный среди монгольской элиты конфликт, и помещал его в нужный социальный, политический и хронологический контекст, демонстрируя тем самым неспособность ни одной из чингизидских ветвей, кроме Тулуидов, эффективно управлять империей.

Ключевые слова: Тайная история монголов, Джучи, Бату, Чагатай, Бури, Гуюк, конфликт.

Автор туралы мәлімет:

Порсин А.А., зерттеуші, Ресей, Магнитогорск қаласы, porsinart@gmail.com

XV ҒАСЫР МЕН XVI ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ БИЛІГІНІҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ

Ж.М.Сабитов

Астана халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Аннотация: Қазақ хандығы дәуірінің біртұтас кезеңі XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтыды. Ал Тәуке ханның өлімінен кейін екінші кезеңнің, бытыраңқылық кезеңінің басталғаны белгілі. 250 жыл уақытқа созылған алғашқы кезеңде Қазақ хандығында он жеті хан билікте болған екен. XV ғасырда үш хан (Керей хан, Жәнібек хан және Бұрындық хан), XVII ғасырда – бес хан, ал XVI ғасырда тоғыз хан биліктің тізгінін ұстайды. Осы XVI ғасырдағы тоғыз ханның бірнешеуінің ғана есімдері қазақ тарихында ерекше айтылады.

Кілтті сөздер: Қазақ хандығы, Қазақ хандары, Дешті-Қыпшақ, Гирей және Жәнібек

Кіріспе. Қазақ хандығы тарихында мейлінше даулы мәселе ол XVI ғасырдағы Қазақ хандары билігінің хронологиясы. Бұл мәселені М.Х.Абусейтова [2], Т.И.Султанов [21], А.Исин [10], Н.А.Атыгаев [6] [7] және басқа да көптеген авторлар қарастырған.

Т.И. Султанов Қазақ хандары билігінің келесідей хронологиясын келтіреді:

1. Гирей және Жәнібек (1470/71жж. бұрын емес- 1473/74жж. бұрын емес)
2. Бурундук-хан (1473/74-1511)
3. Қасым (1511-1518)
4. Мамаш (1518-1521/22)
5. Тахир (не позднее 1523/24кеш емес - 1531/32кеш емес)
6. Бұйдаш (1531/32-1559/60 бұрын емес)
7. Хак-Назар (1548/49-1580 жж.кейін)
8. Шығай (1580-1582жж.) [21, 135-136].

